

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 тамыздағы N 776 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 шілдедегі N 772 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 23 қазандағы N 987 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 23 қазандағы N 987 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру мәселелері жөнінде ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 тамыздағы N 776 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 31, 313-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрамындағы:

мына:

"Есімов
Ахметжан Смағұлұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі, төраға"

деген жолдағы "- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі" деген сөздер алынып тасталсын;

мыналар енгізілсін:

Байсеркин - Қазақстан Республикасының
Бауыржан Сәтжанұлы Денсаулық сақтау министрлігі
Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің төрағасы;

Оглов Вадим Валерьевич - Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары;

м ы н а л а р :

Меркер Виктор Александрович, Ким Афанасий Григорьевич шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК